

Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 587 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 10 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5030 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 шілдедегі 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Білім және ғылым Министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ф.Қуанғановқа жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 9 қ а р а ш а д а ғ ы
N 587 бұйрығымен бекітілген

Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес меншік нысаны және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына, жоғары техникалық мектептерге (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін бекітеді.

2. Білім беру ұйымдарына негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін;

3) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ауылдың (селоның) әлеуметтік экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін "Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы көзделеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

4. Техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар азаматтар білім беру ұйымдарына оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін тиісті кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабылданды.

Аталған санаттағы тұлғалар үшін түсу емтихандары пәндерінің тапсыру нысаны мен тізбесін білім беру ұйымдары белгілейді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

5. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеу талап етілетін техникалық және кәсіптік білімнің жекеленген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарымен оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты бар білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу

Ескерту. 2-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. Білім беру ұйымдарына оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау, ұйымдастыру, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайды.

7. Білім беру ұйымдарына қабылдау комиссияларының өңірлерге барып азаматтарды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру құрылтайшының келісімі бойынша шешіледі.

8. Қабылдау ережелері, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі қабылдау комиссияларының шешімі туралы ақпарат, түсу емтихандарын өткізу жөніндегі кесте, оқуға түскені туралы нәтижелер уақытылы оқуға түсушілердің назарына жеткізілуі қажет.

9. Білім беру ұйымдарына оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау: орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусым мен 20

қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 20 маусым мен 20 шілде аралығында;

жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

10. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

11. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, N 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Оқуға түсушінің тұлғасын куәландыратын құжаттар жеке, ата-аналарымен немесе заңды тұлғалармен ұсынылады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар тұратын жерінде тіркелгені туралы белгісі бар Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық берілген құжатты ұсынады:

шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

босқын - босқынның куәлігі;

паналатуды іздеуші тұлға - паналатуды іздеуші тұлғаның куәлігі;

оралман - оралман куәлігі немесе көші-қон карточкасы.

Аталған талаптар Консулдық қатынастар туралы және Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес елшіліктер мен консулдықтардың қызметкерлеріне таратылмайды.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын тұлғалар төлқұжат көшірмесін және көші-қон карточканың көшірмесін көрсетеді.

Оқытудың нысандары бойынша және шарттық (ақылы) негізде оқуға түсушілердің өтініштері жеке тіркеледі және ескеріледі.

кешенді тестілеу (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан жалпы орта білімді бітірушілер) азаматтар оқуға түсу емтихандарынан

босатылады және міндетті түрде 17-тармақта көрсетілген шарттарға сәйкес
к о н к у р с қ а ж і б е р і л е д і .

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.09.28 N 466 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және:

жалпы орта, мамандық бейне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

негізгі жалпы білімі бар оқуға түсушілер - негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 2 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

Жоғарғы техникалық мектепке оқуға түсушілер үшін түсу емтихандары негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде 3 пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, математика және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі.

Түсу емтихандарының нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында ө т к і з і л е д і .

Білім беру ұйымдарына оқуға түсушілер түсу емтихандарын қазақ немесе орыс т і л д е р і н д е т а п с ы р а д ы .

Мамандық бейіні бойынша пәні осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

13. Білім беру ұйымдарына өнер және мәдениет мамандықтары бойынша оқуға түсетін азаматтар 3-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарымен бекітілген бағдарламалар бойынша өткізілетін арнайы немесе шығармашылық емтихандар т а п с ы р а д ы .

Арнайы немесе шығармашылық емтихандар бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған немесе емтиханға себепсіз келмей қалған азаматтар емтиханға ж і б е р і л м е й д і .

11-тармақта көрсетілген негізгі орта және жалпы орта білімі бар азаматтар

үшін түсу емтихандарының нысаны тестілеу немесе пәндер бойынша емтихандар білім беру ұйымымен белгіленеді. Білім беру ұйымдарына оқуға түсушілер түсу емтихандарын қазақ немесе орыс тілдерінде тапсыруды таңдауға құқылы.

14. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін азаматтар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы немесе шығармашылық емтихандары 21 шілде мен 28 шілде аралығында өткізіледі.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары оқудың күндізгі нысанына түсетін азаматтар үшін әңгімелесу 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының саны 30 болып белгіленеді. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады. Тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі. Дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді. Тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандардың, түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" - 10 балл, "4" - 20 балл, "5" - 30 балдарға ауыстырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

15. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат апелляцияға беруіне болады.

Апелляция қабылдау комиссиясына емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін бір тәулік ішінде беріледі және түсу бойы өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

16. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға болмайды.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

17. Білім беру ұйымдарына білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, оның ішінде жоғары техникалық мектептердің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау конкурстық негізде күндізгі оқу нысанына 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Жаппай кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта және жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесулер ескеріле отырып конкурстық іріктеу негізінде 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі. Іріктеу шарттарын білім беру ұйымдары аяқындайды.

К о н к у р с :

ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) сертификаттарының балдары негізінде;

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдары негізінде;

пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен алынған балдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ-да немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Ереженің 12-тармағына сәйкес балдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдану конкурсына қатысуға: негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 балдан кем, медициналық мамандықтар бойынша 30 балдан кем (жоғары техникалық мектептерге түсу үшін үш пәнінен 30 балдан кем);

жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 балдан кем, медициналық мамандықтар бойынша 35 балдан кем (жоғары техникалық мектептерге түсу

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.06.08 N 278 Бұйрығымен.

Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандықтар даярлауды жүзеге асыратын мамандықтардың тізбесі

Мамандықтар мен кәсіптердің коды	Мамандықтың атауы
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу
0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)
0103000	Дене тәрбиесі және спорт
0104000	Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)
0105000	Бастауыш білім беру
0106000	Бейнелеу өнері және сызу
0107000	Технология
0108000	Музыкалық білім беру
0109000	Өмір қауіпсіздігі және валеология
0301000	Емдеу ісі
0302000	Медбикелік іс
0304000	Стоматология
0306000	Фармация
0307000	Ортопедиялық стоматология
0309000	Акушерлік іс
0401000	Кітапхана ісі
0402000	Дизайн (салалар бойынша)
0403000	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (түрлері бойынша)
0404000	Аспаптық-орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)
0413000	Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)
0501000	Әлеуметтік жұмыс
0502000	Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)
0503000	Слесарлық іс
0901000	Электростанциялардың электрожабдықтары, кіші станциялар және желілер (түрлері бойынша)
0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)
0903000	Электроэнергетика (салалары бойынша)
0906000	Жылулық электрлік станцияларының қазандық, жылу өңдеуші, жылуэнергетикалық қондырғылары
0907000	Жылу техникалық жылу жабдықтары және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)
1107000	Көтергіш көлік, құрылыс жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалар бойынша)
1110000	Жүк көтергіш машина және транспортерлер

1112000	Өнеркәсіп машиналары және жабдықтарын пайдалану
1114000	Пісіру ісі (түрлері бойынша)
1115000	Өндірістердегі электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)
1118000	Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары
1119000	Тоңазытқыш компресорлар машиналары және қондырғылар
1120000	Технологиялық машиналарға және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (салалары бойынша)
1207000	Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы
1208000	Иіру және түту өндірісінің технологиясы (түрлері бойынша)
1209000	Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)
1210000	Мата емес тоқыма материалдар өндірісі технологиясы
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу
1212000	Аяқ киім өндірісі (түрлері бойынша)
1213000	Аң терісі мен қой терісі бұйымдарының технологиясы
1214000	Трикотаж, тоқыма, галантерия бұйымдары
1215000	Жеңіл өнеркәсіпті ұйымдастыру жабдықтары
1216000	Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама өндірісі
1217000	Темекі өндірісі
1218000	Азық-түлік өндірісі
1219000	Нан пісіру өндірісі, макарон өндірісі және кондитер өндірісі
1220000	Қант өндірісі
1221000	Балық өндірісі
1224000	Сүт тағамдарының өндірісі
1225000	Ет және ет тағамдарының өндірісі (түрлері бойынша)
1226000	Тамақтандыру өндірісі тағамдары технологиясы және оны ұйымдастыру
1306000	Радиотехника және байланыс (түрлері бойынша)
1307000	Электр байланысы жүйелі құрылыстары мен сымдық тарту жүйелерін пайдалану
1412000	Құрылыс бұйымдарын және конструкциялар өндірісі
1414000	Жихаздық өндірісі (түрлері бойынша)
1415000	Лифт шаруашылығы және эскалаторлар
1416000	Тастандыларды қайта өңдеу
1501000	Ауылшаруашылық техникасын техникалық қызмет көрсету және жөндеу
1502000	Агрономия
1503000	Өсімдік шаруашылығы
1504000	Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)
1505000	Балық шаруашылығы (түрлері бойынша)
1506000	Аңшылық және аң шаруашылығы
1507000	Ара және жібек өсіруші
1508000	Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафты құрылыстар
1509000	Экология және табиғатты қорғау қызметі
1510000	Ауыл шаруашылығын механикаландыру
1511000	Жерге орналастыру

1512000	Зоотехния
1513000	Ветеринария
1514000	Экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.06.08 N 278 Бұйрығымен.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтар бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі

Техникалық және кәсіптік мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Бейін пәннің атауы	
		Негізгі орта білім (жалпы орта)	Орта білім (жалпы орта)
0100000 – Білім			
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)	Биология	Биология
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан
0104000	Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)	Математика	Математика
0105000	Бастауыш білім беру	Математика	Математика
0106000	Бейнелеу өнері және сызу	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан
0107000	Технология	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан
0108000	Музыкалық білім беру	1-шығармашылық емтихан	1-шығармашылық емтихан
0109000	Өмір сүру қауіпсіздігі және валеология	Биология	Биология
0110000	Білім ұйымдарындағы лаборант	Биология	Биология
0200000 – Құқық			
0201000	Құқықтану	Құқық негіздері	Дүние жүзілік тарих
0202000	Құқық қорғау қызметі	Қазақстан тарихы	Дүние жүзілік тарих
0203000	Патенттану	Құқық негіздері	Дүние жүзілік тарих

0300000 – Медицина, фармацевтика			
0301000	Емдеу ісі	Биология	Биология
0302000	Медбикелік іс	Биология	Биология
0303000	Гигиена және эпидемиология	Биология	Биология
0304000	Стоматология	Биология	Биология
0305000	Лабораториялық диагностика	Биология	Биология
0306000	Фармация	Химия	Химия
0307000	Ортопедиялық стоматология	Биология	Биология
0308000	Медициналық оптика	Биология	Биология
0309000	Акушерлік іс	Биология	Биология
0400000 –Өнер және мәдениет			
0401000	Кітапхана ісі	Әдебиет(оқыту тілдері бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)
0402000	Дизайн (салалары бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0403000	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (салалары бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0404000	Аспаптық-орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0405000	Хор дирижері	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0406000	Музыка теориясы	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0407000	Ән салу	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0408000	Хореография өнері	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0409000	Актерлік өнер	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0410000	Цирк өнері	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0411000	Театр-декорация өнері (бейін бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0412000	Кескіндеу, мүсін және графика (түрлері бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0413000	Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0414000	Қайта қалпына келтіріп жөндеу (салалар бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0415000	Зергерлік іс (салалары бойынша)	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан

0416000	Сәулет	2-шығармашылық емтихан	2-шығармашылық емтихан
0500000 – Қызмет көрсету, экономика және басқару			
0501000	Әлеуметтік жұмыс	Қазақстан тарихы	Дүние жүзілік тарих
0502000	Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Физика
0503000	Слесарлық іс	Физика	Физика
0504000	Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу	Химия	Химия
0505000	Фото ісі	Химия	Химия
0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	Химия	Химия
0507000	Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	Математика	Математика
0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	Математика	Математика
0509000	Аяқ киім ісі	Математика	Математика
0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (салалары бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Қазақ және орыс тілдері
0511000	Туризм (салалары бойынша)	География	География
0512000	Аудармашы ісі (турлері бойынша)	Шетел тілі	Шетел тілі
0513000	Маркетинг (салалары бойынша)	Математика	Математика
0514000	Бағалау (салалар және қолдану аясы бойынша)	Математика	Математика
0515000	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	Математика	Математика
0516000	Қаржы (салалар бойынша)	Математика	Математика
0517000	Статистика	Математика	Математика
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
0519000	Экономика (салалар бойынша)	Математика	Математика
0600000 – Метрология, стандарттау және сертификаттау			
0601000	Метрология, стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)	Математика	Математика
0602000	Сапаны бақылау (салалар бойынша)	Математика	Математика
0700000- Геология, тау кен өндірісі және пайдалы қазбаларды шығару			
	Геологиялық түсіру, пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу		

0701000	және барлау (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0702000	Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы мен техникасы	Математика	Математика
0703000	Гидрогеология және инженерлік геология	Математика	Математика
0704000	Геофизикалық тәсілдер мен пайдалы қазбаларды іздеу және барлау	Математика	Математика
0705000	Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу	Математика	Математика
0706000	Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	Математика	Математика
0707000	Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Математика
0708000	Пайдалы қазбаларды байыту (көмірмен байыту)	Математика	Химия
0709000	Пайдалы қазбаларды байытушы (кен байыту)	Математика	Химия
0710000	Іріктеуге және байытуға арналған ұсату-ұнтақтау құралдары	Математика	Химия
0711000	Маркшейдерлік іс	Математика	Математика
0712000	Жер асты құбырларының құрылысы	Математика	Математика
0713000	Геодезия және картография	Математика	Математика
0800000- Мұнай газ және химия өндірісі			
0801000	Мұнай және газ скважиналары және бұрғылау жұмысының технологиясы (бейін бойынша)	Математика	Математика
0802000	Мұнай-газ құбырлары мен қоймаларын салу және пайдалану	Физика	Физика
0803000	Компрессорлық стансалардың және жерасты құбырларының электр жүйесін жөндеу және қызмет көрсетуші	Математика	Математика
0804000	Технологиялық жабдықтар мен құбырларды монтаждаушы	Математика	Математика
0805000	Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау	Математика	Математика
0806000	Скважиналарды мұнай мен газға сынау	Физика	Математика

0807000	Мұнай және газ өнімдерін техникалық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Математика
0808000	Мұнай өңдейтін және химиялық өнеркәсіп жабдықтарын техникалық күту және жөндеу (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)	Математика	Математика
0810000	Мұнай-газ және жанар май құю станцияларын салу мен пайдалану құбырлары	Математика	Математика
0811000	Химиялық талшықтардың өндірісі	Химия	Химия
0812000	Резина техникалық өндірісі	Химия	Химия
0813000	Шина өндірісі және вулканизация процесі	Химия	Химия
0814000	Полимер технологиясының өндірісі	Химия	Химия
0815000	Химиялық өндірістің тұтқыр және сусымалы материалдардың машиналарының машиналарын және құралдарын пайдалану	Химия	Химия
0816000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Химия	Химия
0817000	Коксохимиялық өндіріс	Химия	Химия
0818000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	Химия	Химия
0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	Химия	Химия
0820000	Изотоптарды бөлу технологиясы мен вакуумды техника	Химия	Химия
0821000	Экологиялық қондырғылардың қызмет көрсетуі және эксплуатациясы	Математика	Физика
0822000	Шыныталшық және шыныдан жасалған заттар өндірісі	Химия	Химия
0823000	Фарфор және фаянс бұйымдарын даярлаушы	Химия	Химия
0824000	Керамикалық өндіріс	Химия	Химия
0825000	Өндіріс бөлімі	Химия	Химия
0826000	Тері және жүнді химиялық өңдеу	Химия	Химия

0900000- Энергетика

0901000	Электростанциялардың электрожабдықтары, кіші станциялар және желілер (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)	Математика	Математика
0903000	Электроэнергетика (салалары бойынша)	Математика	Математика
0904000	Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету	Математика	Математика
0905000	Энергетикалық тасымалдау қондырғысын пайдалану (көлік түрлері бойынша)	Математика	Математика
0906000	Жылулық электрлік станцияларының қазандық, жылу өңдеуші, жылу энергетикалық қондырғылары	Математика	Математика
0907000	Техникалық жылу жабдықтар және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0908000	Электрлік станцияларда су, отын және майлау материалдар технологиясы	Математика	Математика
0909000	Ядролық реакторлар және энергетикалық қондырғылар (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0910000	Электрлік және электромеханикалық жабдықтар	Математика	Физика
0911000	Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	Математика	Физика
0912000	Электротехнология (түрлері бойынша)	Математика	Физика
1000000- Металлургия және машина жасау			
1001000	Доменді пештерді жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Математика
1002000	Қара металл металлургиясы (түрлері бойынша)	Математика	Химия
1003000	Түсті металлдар металлургиясы	Математика	Химия
1004000	Құю өндірісі	Математика	Математика
1005000	Болаттарды пештен тыс өңдеу	Математика	Математика

1006000	Металл өңдеу (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1007000	Отқа төзімді заттар өндірісі	Математика	Физика
1008000	Композициялық және ұнтақты материалдар, капталылар	Математика	Химия
1009000	Прокаттау өндірісі	Математика	Математика
1010000	Құбыр өндірісі	Математика	Физика
1011000	Автоматтық тізбектер және агрегаттық станоктар	Математика	Математика
1012000	Икемді автоматтық тізбектер	Математика	Математика
1013000	Механоөңдеу, өлшеуіш бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы	Математика	Математика
1014000	Машина құрылысының технологиясы (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1015000	Машина жасаудағы монтаж және автомобильдерді сынау	Математика	Математика
1100000- Көлік (салалары бойынша)			
1101000	Ұшу аппараттарының өндірісі	Математика	Физика
1102000	Авиациялық приборлардың өндірісі	Математика	Физика
1103000	Кеме жасау және кеме машиналарының механизміне техникалық қызмет көрсету	Математика	Математика
1104000	Теңіз техникасының электрорадио монтажшысы	Математика	Математика
1105000	Қала электр көліктерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу (салалар бойынша)	Математика	Математика
1106000	Темір жол жылжамалы құрам өндірісі (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1107000	Көтергіш көлік, құрылыс жол машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану (салалары бойынша)	Математика	Математика
1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1109000	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1110000	Жүк көтергіш машиналар және транспортерлер	Математика	Математика
1111000	Ұсталық тығыздау жабдықтары	Математика	Математика

1112000	Өнеркәсіп машиналары және жабдықтарын пайдалану	Математика	Математика
1113000	Металлургиядағы машиналар және жабдықтар	Математика	Математика
1114000	Пісіру ісі (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1115000	Өндірістердегі электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1116000	Геология барлау жабдықтары	Математика	Математика
1117000	Электроникалық техника өндірісіне арналған жабдықтар	Математика	Физика
1118000	Тамақ және ет өнеркәсібінің өндіріс жабдықтары	Математика	Математика
1119000	Тоңазытқыш компресорлар машиналары және қондырғылар	Математика	Математика
1120000	Технологиялық машиналарға және жабдықтар техникалық қызмет көрсету (салалары бойынша)	Математика	Математика
1121000	Медициналық техникаларға техникалық қызмет көрсету жөндеу және монтаждау	Математика	Математика
1122000	Әскери басқарма	Математика	Математика
1200000- Өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша) Көлікті пайдалану			
1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	Математика	Математика
1202000	Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру	Математика	Математика
1203000	Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару	Математика	Математика
1204000	Су көлікті пайдалану	Математика	Физика
1205000	Әуе жол көліктерін басқару және пайдалану	Математика	Математика
1206000	Жол қозғалысын ұйымдастыру	Математика	Математика
1207000	Талшықты материалдарды өңдеу технологиясы	Математика	Математика
1208000	Иіру және түту өндірісінің технологиясы (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1209000	Тоқу өндірісі (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1210000	Мата емес тоқыма материалдар өндірісі технологиясы	Математика	Математика

1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	Математика	Математика
1212000	Аяқ киім өндірісі(түрлері бойынша)	Математика	Математика
1213000	Аң терісі мен қой терісі бұйымдарының технологиясы	Математика	Математика
1214000	Трикотаж, тоқыма, галантерия бұйымдары	Математика	Математика
1215000	Жеңіл өнеркәсіпті ұйымдастыру жабдықтары	Биология	Химия
1216000	Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама өндірісі	Биология	Химия
1217000	Темекі өндірісі	Биология	Химия
1218000	Азық-түлік өндірісі	Математика	Физика
1219000	Нан пісіру өндірісі, макарон өндірісі және кондитер өндірісі	Химия	Химия
1220000	Қант өндірісі	Химия	Химия
1221000	Балық өндірісі	Биология	Химия
1222000	Консерві және тағам концентраттары өндірісі	Химия	Химия
1223000	Сыра, алкогольсыз және спиртті ішімдіктер өндірісі	Химия	Химия
1224000	Сүт тағамдарының өндірісі	Химия	Химия
1225000	Ет және ет тағамдарының өндірісі (түрлері бойынша)	Химия	Химия
1226000	Тамақтандыру өндірісі тағамдары технологиясы және оны ұйымдастыру	Биология	Химия
1227000	Полиграфия өндірісі	Математика	Математика
1228000	Кабель өндірісі	Математика	Физика
1229000	Прибор жасау (салалар бойынша)	Математика	Математика
1300000- Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технология Электрондық техника			
1301000	Электрондық приборлар және құрылысы	Математика	Физика
1302000	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	Математика	Математика
1303000	Темір жол қозғалысында автоматика телемеханиканы басқару	Математика	Математика
1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	Математика	Математика

1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	Математика	Математика
1306000	Радиотехника және байланыс (түрлері бойынша)	Математика	Физика
1307000	Электр байланысы жүйелі құрылыстары мен сымдық тарату жүйелерін пайдалану	Математика	Физика
1308000	Автоматтандырылған байланыс жүйесін пайдалану	Математика	Физика
1309000	Оптикалық және электронды құрал - жабдықтар	Математика	Математика
1310000	Көліктің (көлік түріне қарай) радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану	Математика	Математика
1311000	Темір жол транспортының жедел технологиялық байланысының жабдықтарын пайдалану	Математика	Математика
1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	Математика	Математика
1402000	Жол – құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1403000	Ішкі санитарлық–техникалық құрылғылар мен вентиляция монтаждау және пайдалану	Математика	Математика
1404000	Сумен қамтамасыздандыру және суды ағызу жүйелері	Математика	Математика
1405000	Газ жабдықтау жүйесімен жабдықтарды монтаждау және пайдалану	Математика	Математика
1406000	Жергілікті магистральді және желілік құбырларды монтаждау	Математика	Математика
1407000	Гидротехникалық құрылыс	Математика	Математика
1408000	Қала қатынас жолдарын салу және пайдалану	Математика	Математика
1409000	Темір жол құрылысы жол және жол шаруашылығын жасау	Математика	Математика
1410000	Автомобиль жолдарын және аэродромдарды салу және пайдалану	Математика	Математика
1411000	Көпірлер мен көліктік тоннелдер	Математика	Математика
1412000	Құрылыс бұйымдары мен конструкциялар өндірісі	Математика	Математика

1413000	Темір бетон және металл бұйымдары өндірісі (салалары бойынша)	Математика	Математика
1414000	Жихаз өндірісі (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1415000	Лифт шаруашылығы және эскалаторлар	Математика	Математика
1416000	Тастандыларды қайта өңдеу	Математика	Химия
1500000 - Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология			
1501000	Ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Математика
1502000	Агрономия	Биология	Биология
1503000	Өсімдік шаруашылығы	Биология	Биология
1504000	Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)	Биология	Биология
1505000	Балық шаруашылығы (түрлері бойынша)	Биология	Биология
1506000	Аңшылық және аң өсіру шаруашылығы	Биология	Биология
1507000	Ара және жібек өсіруші	Биология	Биология
1508000	Орман шаруашылығы, бақ-саябақты және ландшафты құрылыстар	Математика	Химия
1509000	Экология және табиғатты қорғау қызметі	Математика	Химия
1510000	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	Математика	Математика
1511000	Жерге орналастыру	Математика	Математика
1512000	Зоотехния	Биология	Биология
1513000	Ветеринария	Биология	Биология
1514000	Экология және табиғат ресурсын тиімді пайдалану	Математика	Химия
1515000	Гидрология және метеорология	География	География
1516000	Өрт қауіпсіздігі	Математика	Физика
1517000	Төтенше жағдайда қорғану (бейін бойынша)	Математика	Физика

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.06.08 N 278 Бұйрығымен.

Өнер және мәдениет мамандықтарының тізбесі

Техникалық және кәсіптік мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы
0402000	Дизайн (салалары бойынша)
0403000	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (салалары бойынша)
0404000	Аспаптық-орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)
0405000	Хор дирижері
0406000	Музыка теориясы
0407000	Ән салу
0408000	Хореография өнері
0409000	Актерлік өнер
0410000	Цирк өнері
0411000	Театр-декорация өнері (бейін бойынша)
0412000	Кескіндеу, мүсін және графика (түрлері бойынша)
0413000	Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)
0414000	Қайта қалпына келтіріп жөндеу (салалар бойынша)
0415000	Зергерлік іс (салалары бойынша)
0416000	Сәулет

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 9 қ а р а ш а д а ғ ы
N 587 бұйрығына қосымша

Күші жойылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының бастауыш кәсіптік білім беретін оқу орындарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 903 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған 2003 жылғы N 15, 839-құжат; 2003 жылы N 23-24, 854-құжат) нормативтік құқықтық актілерді құжат мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2136 тіркелген);

2. "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 бұйрығы (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жылғы N 16, 123-құжат нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3627 тіркелген);

3. "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізілу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 400 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жылғы N 16, 124-құжат, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3692 тіркелген);

4. "Қазақстан Республикасының орта оқу орындарында оқуға қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4207 тіркелген, 2006 жылғы 12 мамырдағы N 84-85 (1064-1065) "Заң газетінде" жарияланған);

5. "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 15 мамырдағы N 249 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4719 тіркелген).